

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



**Рухани жаңғыру – қа-
зақстандықтардың салт-
санасы мен дүниетанымын
өзгертетін қозғаушы қүш.
Елбасы Нұрсұлтан Назар-
баевтың мақаласын қай-
талап тағы бір оқып шығып,
осындай ой түйдік. Тұнғыш**

**Президенттің айтудынша, бұл – ұлт-
тық құндылықтарымызды ұмытпай,
жаһандық жаңашылдыққа жете-
лейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы**

**қалыптасқан зерделі де зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-
білімге ұмтылып, жан-жақты жетілген жөн.**

Жаңандық жаңашылдыққа жетелейді

Аймагымыздагы келер үрпақтың алдындағы ардың ісін арқалап жүрген зиялды қауым Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», мақаласын ықыласпен түсініе оқығаны анық. Олай дейтініміз, мақалада «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сәзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәнгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен мән жатыр. Шынында да, рухы биік азamatтары бар елдің іргесі берік болары хақ. Ұлттық рухы, руханияты жоғары, мәдениеті озық ел көп нәрсеге қол жеткізетіні анық. Және ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық санаңын кемелденуін қажет етеді. Елбасы ұлттық мәдениетті сақтай отырып жаңғыру және ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің көртартпа тұстарынан бас тарту қажет екенин қазақстандықтардың тусіне белуі керек екендігіне назар аударады. Мақаладағы «Тұган жер» бағдарламасын жүзеге асыру ұсынысы жас үрпақты тәрбиелеуге дәл және уақытында айтудың маңызды тасымыра. Эгер адамның жүргендегі кіндік қаны тамған жеріне, ескен ауылына, тұган жеріне деген сүйіспеншілік, құрмет болмағынша – Отанға адал қызмет ету, жан дүниесін мен беріле сую екіталаі.


ріп, рухани болмысымен өмір сүруге баулиды. Елбасының осы мақалада көтерген тағы бір маңызды мәселесі – туған жерге деген махабbat.

Елбасы «..Қазақ «Тұган жерге туынды тік» деп бекер айтпаган. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріне, ескен ауылына, қалаң мен еңіріне, яғни туған жеріне деген сүйіспеншілікten басталады. Сол себепті, туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша інкөрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» деп атап өтті.

Расында, өзінің туған жерінің, туған өлкесінің көркеюіне үлес қоса білген азamat бүкіл елдің ігілігі үшін қызмет ете алады.

Бірде пайғамбарымыз Мұхаммедтен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір кісі: «Уа, Алланың Елшісі, ең жақсы адам кім?» деп сұрайды. Сонда ол: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиғен пендө» деп жауап берген екен.

Демек, қоғамға пайдалы болғаның – жақсы мұсылман болғаның. Алла Елшісітегі бір хадисінде постанның күзеткенниң кезінде «қырметтегі күймейді» деген. Тұган жерді қорғау, тұган еліне қызмет ету білімнің көптігінен емес, елдік санаға, тұган еліне деген махабbatқа байланысты екен. Алаш арьсы Әлихан Бекейхан «Халық-



«Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеу – неше ғасыр етсе де, бізді кез келген рухани жутандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі үлттық мақтанышымыздың қайнар бұлғасы», «Біз жаңыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сінген, бүгінде тамырымында бүлкілдеп жаткан ізгі қасиеттерді қайта түлетуі міз керек» деп лінгендегі мақалада.

Расында, жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағлымды тарихымызды оқып, сусындал өскен үрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде көтпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі бе-рік болмақ.

Негұрлым тұтастықта жету үшін елді айшықтап тұрган үлттың танымдық, тәрбиелік маңызға бай өдөт-тұрып, салт-дәстүрлеріне ба-сымдық беруі қажет. Кез келген халықты өзінің тәлтума рухани құндылықтары мен ізгі қасиеттері ғана біріктіре алады. Елбасы мақалада осы ұстанымың дұрыстығын айқындал берді. «...Жаңырган қоғамның өзінің тамыры, тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады... Жаңа тұрпатты жаңырудың ең басты шарты – сол үлттық кодынды сақтай білу» дейді Елбасы.

Бул – тектен тек айтыла салынған жоқ, Үлттық код – бүгінгі өркениетті, озық технологиялы, жаһандық ықпалдасудан, керек десеңіз, түрлі қауіп-қатерден қорғану жолы. Осы орайда үлтүстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Қасынан да, досынан да бірдей сақтан» деген сөзі ойға оралады. Сақтанудың басы – өзіне қатысты рухани құндылығынды түгендер, кейінгіге мұраетіп қалдыру.

Әр халық ел болып ғұмыр кешуі үшін жастардың санасына үлттық құндылықтарын сіңі-

қа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп бекер айтпаса керек. Осынау парасатты пікір Абайда да бар: «Атанаң баласы болма, адамның баласы бол». Бұл – үрпақтан-үрпаққа алмасып отырған «жедік сана» желісі. Елбасының мақаласында айтылған осынау асыл құндылықтар санамызды жаңырытып, жаң-дүниемізді тағы бір серпілтті. Сонымен қатар, «Тұған жер» бағдарламасы еліміздегі жомарт жандардың өзінің тұған еліне шарапатын тигізіп, қайырымдылық іс-шараларға үлкен үлесін тигізуге ықпал етеді деген сенімдеміз.

Кез келген қоғам үзақ уақыт бойы жинақталған тәжірибелі келесі үрпаққа ізгі дәстүрінсіз жеткізе алмайтынын есте сақтағанымыз абзал. «Жаңыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен үлттық дәстүрлерге шекеден қарамауга тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңырудың маңызды алышашттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңыру елдің үлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп Елбасы кез келген қоғамдық, әлеуметтік үдеріске қазакы салт-санамен бейімделу қажеттілігін баса айтқан.

Егер халықтың дәстүрі болмаса қалай да-мыл, қалай өрістейді? Өткеннің төлімді тәжірибесін алмай, алға қадам басуға бола ма?

Әрине, мүмкін емес. Дәстүр бір адамның қалауымен ғана орныға салмайды, ол бір халықтың әмір сұру мазмұнына айналу үшін ғасырлардың тезінен етеді. Ал, ғасырлар тезінен еткен дәстүр ешқашан адастырмайды. Енде-ше, дәстүрге адап болу баршамыздың қастерлі борышымыз болу керек.

**Е.ӨТЕБЕКОВ,
А.ЖАЙМАЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің
ага оқытушылары.**